

ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

RT-4525HGA

Қол тірегіш





EC	REP	Advena Limited Tower Business Centre, 2nd Flr Tower Street, Swatar, BKR 4013 Malta	 АҚШ-та жасаған өндіруші: Qfix 440 Church Rd, Avondale, Pennsylvania, USA +1 610-268-0585 www.Qfix.com
----	-----	---	---

Cidex® – Johnson & Johnson компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Clorox® – The Clorox Company компаниясының тіркелген сауда белгісі.

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	4
ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ	4
ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР	4
ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ	4
ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ	6
ФУНКЦИЯЛАРЫ	7
ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ	9
ОРНАТУ	9
БАПТАУ	12
ШЫҒАРЫП АЛУ	13
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	14
БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ	15
БАПТАУ ПАРАҒЫ	16

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

! ЕСКЕРТУ ! БҰЛ ЖАБДЫҚҚА ЕШҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ. ЕГЕР ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БӨЛІГІНЕ АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙҒА СЕБЕП БОЛАТЫН ЖҮК ТҮССЕ, ОЛ ЗАҚЫМДАЛСА НЕМЕСЕ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРМАСА, ОНЫ ӘРІ ҚАРАЙ ПАЙДАЛАНБАЙ, +1 484-720-6054 НӨМІРІ НЕМЕСЕ TECHSUPPORT@QFIX.COM МЕКЕНЖАЙЫ БОЙЫНША QFIX КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.


! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! ҚОЛ ТІРЕГІШКЕ ОТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ, СЕБЕБІ МҰНЫҢ САЛДАРЫНАН ТІРЕГІШ СЫНЫП, ЕМДЕЛУШІ ЖАРАҚАТТАНУЫ МҮМКІН.

ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің Құзыретті органына да хабарлаңыз.

ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ


Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.



ЕМДЕЛУШІНІҢ СОЛ ЖАҒЫ

Емделушінің сол жағын білдіреді және осы жағында дәл осы адаптер орнатылуы тиіс.*

**Бұл адаптерді кішірек денелі емделушілерді зерттеу кезінде қарама-қарсы жаққа орнатуға болады.*



ЕМДЕЛУШІНІҢ ОҢ ЖАҒЫ

Емделушінің оң жағын білдіреді және осы жағында дәл осы адаптер орнатылуы тиіс.*

**Бұл адаптерді кішірек денелі емделушілерді зерттеу кезінде қарама-қарсы жаққа орнатуға болады.*

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ



ОТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ

Қол тірегіштің үстіне тұрған немесе отырған жағдайда, тірегіш зақымдалуы немесе адам жарақат алуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

Бұл құрылғы сәулелік терапиядан өтіп жатқан пациенттерді қозғалтпай ұстауға, жайғастыруға және дене қалпын өзгертуге арналған.

! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.

Мақсатты емделуші топтары

Рентгенотерапия немесе диагностикалық визуализация процедураларынан өтіп жатқан емделушілер.

Мақсатты пайдаланушылар


Өнімнің мақсатты пайдаланушысы – аймақтың нормативтік талаптарына сәйкес білікті тұлға.

ФУНКЦИЯЛАРЫ

СИПАТТАМАСЫ

Қол тірегіш емделушінің қолын сенімді түрде дәл орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл қосымша құрылғы емделушінің модельдеуден бастап процедураны жүргізуге дейін дәл туралануын қамтамасыз етуге көмектеседі.

КОМПОНЕНТТЕР



ФУНКЦИЯЛАРЫ

КОМПОНЕНТТЕР

1. ҚОЛ ТІРЕГІШ

Қол тірегіш емделушінің қолын сенімді түрде дәл орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл қосымша құрылғы емделушінің модельдеуден бастап процедураны жүргізуге дейін дәл туралануын қамтамасыз етуге көмектеседі.

2. ҚОЛ ТІРЕГІШ – ЕМДЕЛУШІНІҢ ОҢ ЖАҒЫ

Қол тірегіш – емделушінің оң жағы – емделушінің оң жағында орналасатын және құрылғыдағы сурет арқылы көрсетілетін қол тірегіш. Кішірек денелі емделушілерге қарама-қарсы жағына қолдануға болады.

3. ҚОЛ ТІРЕГІШ – ЕМДЕЛУШІНІҢ СОЛ ЖАҒЫ

Қол тірегіш – емделушінің сол жағы – емделушінің сол жағында орналасатын және құрылғыдағы сурет арқылы көрсетілетін қол тірегіш. Кішірек денелі емделушілерге қарама-қарсы жағына қолдануға болады.

4. KVue ЕНДІРМЕСІ АДАПТЕРІ

KVue ендіrmесінің адаптерлері қол тірегішті бекітуге арналған алдын ала жасалған тесіктері бар KVue ендіrmелеріне қол тірегішті орнатқанда ғана пайдаланылады.

5. KVue PORTRAIT ЕНДІРМЕСІНІҢ АДАПТЕРІ

KVue Portrait ендіrmесінің адаптерлері қол тірегішті бекітуге арналған алдын ала жасалған тесіктері бар KVue Portrait тік ендіrmелеріне қол тірегішті орнатқанда ғана пайдаланылады.

6. ТҰТҚАЛАР

Қол тірегішке арналған тұтқалардағы индекстер 12 орынның бірін көрсетеді.

7. ТЫҒЫЗДАҒЫШ САҚИНА

Тығыздағыш сақина тұтқаны белгіленген орын ұяшығында ұстап тұру үшін әр тұтқаның түбіне тағылады.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

ОРНАТУ

ҚОЛ ТІРЕГІШТІ ОРНАТУ

! ЕСКЕРТПЕ ! Ескірген қолданбаларды орнатуға қатысты сұрақтар бойынша Qfix компаниясына +1 610-268-0585 нөмірі арқылы хабарласыңыз.

1. Қол тірегішті 1-суретте көрсетілгенге сәйкес тесіктерге туралап, құрылғыға қойыңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Қол тірегішті дұрыс жағына орналастыру туралы «Жалпы сақтық шаралары» бөлімінен қараңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Көптеген құрылғыларда, қол тірегіш 2-суретте көрсетілгендей құрылғының бас жағынан есептегенде 1 және 3-тесіктерге орнатылады, тек ол жерге адаптер орнатылып қоймаған болуы керек. Орнатылып қойған жағдайда, қол тірегішті келесі бос тесік орындарына туралаңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Қол тірегішті kVue ендіrmесіне орнату қажет болса, «kVue ендіrmелерін орнату» бөлімін қараңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Қол тірегішті дене мөлшері кіші емделушілерге арнап орнату қажет болса, «Дене мөлшері кіші емделушілер» бөлімін қараңыз.

2. Бұрандаларды (3000218) сәйкес тесіктерге салып, 3-суретте көрсетілгендей бұрағышпен сағат тілі бағытында бұраңыз. (Босату үшін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз).


! ЕСКЕРТУ ! ЕГЕР ҚҰРЫЛҒЫҢЫЗ «МР ОРТАСЫНДА ҚАУІПСІЗ» ДЕП БЕЛГІЛЕНСЕ, БЕРІЛГЕН ПЛАСТИК БҰРАНДАЛАРДЫ (3001925) ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ.



1-сурет



2-сурет



3-сурет


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

ОРНАТУ


KVUE ЕНДІРМЕЛЕРІНЕ ОРНАТУ

Қол тірегішті kVue ендіrmесіне орнатқанда кез келген басқа құрылғыларға орнатқан әдісті (жоғарыда көрсетілгендей) қолданыңыз. Айырмашылығы – бұрандаларды тікелей құрылғыға бұрағанның орнына, оларды ендірме адаптеріне бұрап қатайтуда ғана (4 және 5-суреттер).

! ЕСКЕРТПЕ ! Қол тірегіш барлық адаптерлерге сәйкес келмеуі мүмкін.



4-сурет



5-сурет

КІШІРЕК ДЕНЕЛІ ЕМДЕЛУШІЛЕРГЕ ОРНАТУ

Сол және оң жақ қол тірегішті 6-суретте көрсетілгендей кіші денелі емделушілерге ауыстырып пайдалануға болады.



6-сурет


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

ОРНАТУ

KVUE PORTRAIT ЕНДІРМЕЛЕРІНЕ ОРНАТУ

1. Берілген екі (2) $\frac{1}{4}$ -20 x 1 дюймдік бұруданың көмегімен адаптерді kVue құрылғысына тағыңыз. Келесі жағын да дәл осылай тағыңыз (7-сурет).
2. Қол тірегішін берілген екі (2) $\frac{1}{4}$ -20 x $\frac{3}{4}$ дюймдік жалпақ басты бұруданың көмегімен екі жаққа тағыңыз (8-сурет).

! ЕСКЕРТПЕ ! Қол тірегіші барлық адаптерлерге сәйкес келмеуі мүмкін.



7-сурет




8-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

БАПТАУ

ҚОЛ ТІРЕГІШІН БАПТАУ

Емделуші орналасқаннан кейін тұтқаны тағыңыз. Емделушінің ұстауына ыңғайлы болатындай 9 және 10-суретте көрсетілгенге сәйкес тұтқаны тесікке салыңыз да, тағылған емделушіні орналастыру жазбасының көмегімен орнын жазып алыңыз.



9-сурет



10-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

ШЫҒАРЫП АЛУ

ҚОЛ ТІРЕГІШІН АЛУ

1. Тұтқаларды қол тірегішінен алыңыз.
2. Қол тірегішін құрылғыға бекітіп тұрған екі бұранданы алыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ТАЗАЛАУ

Құрылғыны жұмсақ, сызат түсірмейтін тазалау немесе зарарсыздандыру ерітіндісімен тазалау керек. Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, бетін сүртіңіз.

ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Төмендегі тазалау материалдарына сынақ жүргізіліп, құрылғы беттерін тазалауға жарамды деп танылды. Құрылғыны зарарсыздандыру үшін тазалағыш ерітінді өндірушісі ұсынған арнайы нұсқауларды қараңыз.


- Су
- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі
- Изопропил спирті
- Cidex® 2,4% белсендірілген диальдегид ерітіндісі
- Сабын мен су

Тазартқышты тікелей құрылғыға бүркуге **БОЛМАЙДЫ**.

Құрылғыға өткір заттарды қоюға **БОЛМАЙДЫ**.

Бекіткіштердің мықтап қатайтылғанын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.

БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ



1. 2001498 – Тығыздағыш сақинасы бар қол тірегіші
2. 3000063 – Қол тірегішінің тығыздағыш сақинасы
3. 2001774 – Қол тірегішінің kVue адаптері
4. 2007708 – Қол тірегішінің kVue Portrait адаптері

БАПТАУ ПАРАҒЫ

RT-4525HGA – ҚОЛ ТІРЕГІШ

Емделушінің аты-жөні:

Емделушінің идентификатор №:


Орнатушы:

Дәрігер:

Күні:


Түсініктемелер:

1. Қол тірегіші шағын денелі емделуші позициясына орнатылған ба? **ИӘ** **ЖОҚ**



2. Емделушінің оң жағы: **НА**

3. Емделушінің сол жағы: **НВ**





440 Church Road
Avondale, PA 19311 USA
www.Qfix.com

 +1 610.268.0585 / 800.526.5247

 +1 610.268.0588 / 800.831.8174

 sales@Qfix.com

2001998_KK_A
2023-07